

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

V E S I K O Q Y L A R Y

**«Еуразия далалық өркениеті: тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін
зерттеу, сақтау және пайдаланудың өзекті мәселелері»**

К. Ақышевтың 100 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

**V E S I K S K I E Ч Т Е Н И Я
МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции

**«Евразийская степная цивилизация: актуальные проблемы
изучения, сохранения и использования памятников историко-
культурного наследия»** посвященной 100-летию К. Акишева

**V E S I K R E A D I N G S
PROCEEDING**

Of International Scientific and Practical conference

**“Eurasian Steppe Civilization: Current Issues of Studying, Preserving
and Using Monuments of Historical and Cultural Heritage”** dedicated to the 100th
Anniversary of K. Akishev

ЖАРТАС ӨНЕРІН ҚҰЖАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛЕНДІРУ

Annotation. The article is dedicated to the protection and preservation of rock art in Kazakhstan in recent years. It covers aspects such as documentation, registration, and other activities related to the conservation of these unique monuments. The results achieved by specialists working on these issues are presented. The article discusses the process of documenting rock images and their museumification, as well as modern methods and technologies used to preserve this form of art. The main objective of the study is to define the historical and cultural significance of rock art, as well as the scientific organization of its research and popularization. The importance of rock art as a part of world heritage and the need for its exhibition in museum collections are emphasized. The article also provides information about projects and initiatives aimed at the digitization, preservation, and transmission of rock images to future generations. The research focuses on developing necessary measures to conserve these valuable artifacts and ensure their transmission to future generations.

Keywords: Landscape, CARD, interpretation.

Аннотация. Стаття посвящена захисту і збереженню наскального мистецтва в Казахстані в останні роки. Документування, учет і т.д. Показані результати досягнуті спеціалістами, займаючися цими роботами. Стаття розглядає процес документування наскальних зображень і їх музейфікацію, а також досліджує сучасні методи і технології, що використовуються для збереження цього виду мистецтва. Основною метою теми є визначення історичної і культурної значимості наскального мистецтва, а також наукова організація його дослідження і популяризації. В статті говориться про важливість наскального мистецтва як світового спадку і необхідності його демонстрації в музейних експозиціях. Крім того, в роботі приводиться інформація про проекти і заходах, спрямованих на цифровізацію, збереження і передачу наскальних зображень майбутнім поколінням. Дослідження спрямоване на розробку необхідних заходів для збереження цих цінних артефактів і забезпечення їх передачі майбутнім поколінням.

Ключевые слова: Ландшафт, CARAD, інтерпретація.

Қазіргі уақытта қазақтардың шынайы тарихы жаңғыруды қажет етеді. Тарихи жадысыз ұлттық мақтаныш пен патриотизм болмайды. Қазақстан тарихында тек тарихи ғана емес, халықтық та есте қалатын оқиғалар бар. Қазақстан аумағының кеңдігіне қарамастан, қола дәуірінің тайпалары неолит дәуірінің тайпалық белдеуін алмастыратын мәдени біртектілікті көрсетеді. Соңғы жылдары Андронов мәдениетінің шеңберіне жатады деген гипотеза тарихшылар арасында көбірек қолдаушыларды тапты. Археологиялық-этнографиялық зерттеулердің нәтижелері де, зороастризмнің ежелгі мәтіндерін тарихи-лингвистикалық салыстырмалы талдау да осы гипотезаны қолдайды. Б.з.д. II мыңжылдықтың басында Қазақстан тайпалары қола бұйымдар өндірісін игерді. Қола-мыс пен қалайының, кейде қорғасын, мышьяк немесе мырыштың әртүрлі пропорциялардағы қорытпасы. Қазақстан

тайпаларының шаруашылығында және тұрмысында болған өзгерістер, ең алдымен, климаттың үдемелі аридтілігімен байланысты. Өзендердің ағындары азаяды, көлдер деңгейі төмендеді және т.б. өзгерістер орын алып, тиісінше, мал шаруашылығының рөлі артты. Металлургия мен мал шаруашылығының басым дамуы өнімділіктің өсуіне және қоғамдық еңбектің мамандануының күшеюіне, қоғамдық өмірдегі үлкен өзгерістерге әкелді.

Бүгінгі ғаламдану кезеңінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін насихаттау жолындағы мақсатымыз – ұлттық санамызды бір жүйеге келтіру деп түсінсек болар. Ұлттық тәрбие, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының қалыптасуына, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін меңгеріп және ұлттық салт-дәстүрлерді бойына сіңіру негізінде қалыптасады деп қарастырғанымыз да жөн болар. Қарапайым тілмен айтқанда белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән дүние, адами қадір-қасиетті, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық құндылығын танып білуі басты талап болып танылары сөзсіз деп білемін.

Мәдени ландшафттар менеджменті Қазақстан үшін музей қызметінің салыстырмалы түрде жаңа түрі болып табылады. Мәдени жоспарлау және экскурсиялық маршруттардағы абаттандыруды жұмыстарын дамыту контекстінде түпнұсқалық жердің немесе мәдени ландшафтының мәдени сәйкестігімен тікелей байланысты. Музей – қорықтардың қызметі көп қырлы. Кез-келген музей – қорық, әсіресе дүниежүзілік мұра объектісінің алдында тұрған басты мәселелердің бірі-ол қазіргі қоғамға қатысты орындауы керек міндеттердің кешенділігі: мұра объектілерінің тұтастығы мен тазалығын сақтау, сонымен қатар көпшілікке қол жетімділікті қамтамасыз ету, жұртшылық осы объектілердің шынайы құндылығын түсініп, кең ауқымды іс-шаралар арқылы білім алмасу (Хиген, 2004, 8).

Кез-келген археологиялық ландшафты сақтау, мониторинг жүргізу, күтіп ұстау және насихаттау бойынша барлық қажетті іс – шараларды зерттеу, шешімдер қабылдау, жұмысты орындау үшін кешенді және жан – жақты құжаттау арқылы жоғары сапалы «Базалық құжаттаманы» құру қажет.

Жартастағы өнер ескерткіштерін сақтау және насихаттау менеджменті жоғары сапалы және жан – жақты құжаттаманы қажет етеді. Ескерткіштердің қалыпты жағдайын бақылау және сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін мониторинг негізінде есеп беру негізгі құжат болып табылады. Бұл құжаттама алдағы уақытта атқарылатын көптеген жобалалар үшін де ерекше маңызы бар. Жартас өнері – мәдени мұраның ең осал нысаны санатына жатады деуге толық негіз бар. Тек жартас өнері ғана емес, басқа да археологиялық ескерткіштер мен табиғи нысандар да ерекше назар мен қамқорлықты және базалық құжаттаманы қажет етеді.

Базалық құжаттаманың құрамына мыналар кіреді:

- Археологиялық карталар;
- Петроглифтері бар жартас беттері және басқа да археологиялық нысандардың топографиялық жоспарлары;

- Петроглифтері бар топтардың индекстелген фото және графикалық панорамалары;

- Индекстелген фотосуреттер және петроглифтері бар беттердің графикалық кескіндері;

- Петроглифтері бар жартас беттердің қалыпты жағдайының стандартталған сипаттамасы;

- Археологиялық, геологиялық, ботаникалық, зоологиялық, туристік және басқа объектілердің стандартталған сипаттамалары.

Қазіргі таңда нысан бойынша құжаттаманы дайындау, сақтау, насихаттау және т.б. іс – шараларды іске асыру үшін арнайы сол нысанға арналған Менеджмент-жоспар жасалынады. Жартас өнерін құжаттандыру үшін құжаттама төрт деңгейден тұратын құрылымға ие болуы тиіс деп есептеймін.

1. Кешен (геоархеологиялық контекстегі петроглифтердің орналасуы). Бұл деңгейдегі деректер аэро-фотосуреттерден, әртүрлі масштабтағы топографиялық және арнайы карталардан, әртүрлі мақсаттағы жоспарлардан тұрады.

2. Жергілікті аумақ (топ). Бұл деңгейдегі деректер графикалық реконструкциялардан және фотофиксациядан тұрады (беттерді экспозициялау және индекстеу панорамалары, зақымданулар мен қауіп төнген жерлерді бекіту, консервациялық жұмыстарды құжаттау).

3. Жартас беті (жазықтық, фрагмент, тас). Бұл деңгейдегі деректер индекстелген фотосуреттер мен петроглифтері бар жазықтықтардың графикалық кескіндерінен тұрады.

4. Жартас бетіндегі сурет (бейне). Ақпарат стандартты түрде берілген және микалентті көшірме немесе контур сызбасы негізінде жасалған фотосуреттер мен сызбалармен толықтырылған. Қолданбаларда кескіндердің стиліне, иконографиясына, хронологиясына және танысуына қатысты корреляциялық кестелер мен схемалар бар.

Тұтастай алғанда, бұл құрылым осы төрт деңгейге қатысты барлық құжаттамалық деректерді (археологиялық, геологиялық, геоморфологиялық, ландшафттық және т.б.), олармен байланысты барлық мәселелер мен практикалық шаралар (жоспарлау, сақтау, бақылау және т.б.) бойынша қамтиды. Деректерді өңдеу, зерттеу жұмыстары және практикалық қолдану үшін пайдаланудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін барлық қол жетімді ақпарат «Базалық құжаттамаға» жүктелуі керек.

Қайсібір халықтың немесе ұлттар мен ұлыстардың жаратылыстан алатын өз тарихы мен орны бар екені даусыз. Қазақ халқының тарихында айрықша атауға тұратын қасиетті жердің бірі – «Таңбалы» мемлекеттік тарихи – мәдени және табиғи музей – қорығы. Жартас өнерін музейлендіру бағытында «Таңбалы» тек Қазақстан бойынша емес Орта Азия елдерінің арасында алғашқы музей – қорық деп айтуға толық негіз бар. 1957 жылы ашылып, тарих сахнасына енгелі 70 жылға жуық уақытта «Таңбалыны»

зерттеу, құжаттандыру, қайта қалпына келтіру сынды жұмыстар өзінің он нәтижесін беріп келеді.

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген тұтас археологиялық (тарихи-мәдени) кешенді «Таңбалы» музей – қорығы жүзеге асырады. Музей – қорық материалдық және рухани құндылықтардың мәдени және табиғи мұраларының біртұтас аумақтық кешендерінің сақталуын, қалпына келтірілуін, зерттелуін және көпшілікке ұсынылуын қамтамасыз етуде.

Музей – қорықтың қызметі көп қырлы. Бүгінгі таңда кез-келген музей – қорықтың, Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген нысанды басқару алдында тұрған басты мәселелердің бірі – ол қазіргі қоғамға қатысты керек міндеттердің кешенділігін орындай білу. Ең бастысы: ескерткіштердің тұтастығы мен тазалығын сақтау, сондай-ақ көпшілікке қол жетімділікті қамтамасыз ету, жұртшылыққа осы нысандардың шынайы құндылығын түсіндіру.

Музей – қорық өз қызметін халықаралық ұйымдардың, ең алдымен ЮНЕСКО, ИКОМОС және басқалардың ұсыныстарына сәйкес жүргізеді. Осыған байланысты мұндай ұйымдармен ынтымақтастық тек осы функциялармен ғана шектелмейді. «Таңбалы» музей – қорығы ескерткіштерді сақтау бойынша республикалық және халықаралық семинарларға қатысып қана қоймай, сонымен қатар ұйымдастырушы бола алады. Бұл саланы дамыту ЮНЕСКО, сондай-ақ МФГС (ТМД елдерінің гуманитарлық ынтымақтастығының мемлекетаралық қоры) сияқты ұйымдардың тұрақты алаңдаушылығы болып табылады. Қорық-мұражай екі аймақтық семинардың ұйымдастырушысы болды.

2003 ж. қыркүйегінде «Таңбалыда» өткізілген «Орталық Азияның жартас өнерінің ескерткіштері: қоғамдық қатысу, менеджмент, құжаттама және консервация» атты аймақтық оқу семинары осындай тәжірибе жинақтауға көмектесті. Оның материалдары ғылыми кеңістікте кеңінен қолданылып, жарияланды.

2010 ж. ЮНЕСКО қамқорлығымен CARAD (Central Asian Rock Art documentation) жартас өнері ескерткіштерін құжаттандыру бойынша халықаралық семинар өткізілді, онда Орталық Азия елдерінен, сондай-ақ Сібірден (РФ) жартас өнерінің зерттеушілері қатысты (Отчет, 2010, 20).

2011 ж. ТМД елдерінің тарихи-мәдени мұрасы бойынша халықаралық семинар-тренинг табысты өткізілді. МФГС қолдауымен өткен семинар материалдары жарияланып қана қоймай, «Таңбалы» кешенінің ортаңғы аумағындағы «Сұңқарсай петроглифтері» атты жаңа туристік бағытының ашылуы болды. Ортаңғы аумақтағы бұл шатқалдың әртүрлі уақыттағы петроглифтері таныстырылып, семинарға жиналған осы саладағы халықаралық сарапшыларды көмегімен петроглифтердің құжаттамасы дайындалды (Ласкин, 2011, 56).

Соңғы жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, «Қазқайтажаңғырту» мекемесі арқылы «Таңбалыдағы» туристік

маршруттарының инфрақұрылымын жетілдіруге айтарлықтай күш салуда. Музей – қорықтың менеджмент жоспарына сәйкес орталық шатқалдың негізгі маршрутындағы инфрақұрылымды жақсартудың бірқатар мәселелерін шешті, сондай-ақ VI топтың петроглифтері бойынша жаңа маршруттың: демалыс орындары, мәтіндік және графикалық ақпараты бар ақпараттық тақталар, абаттандырылған соқпақтар мен шолу алаңдары, көрсеткіштер және т. б. инфрақұрылымы жабдықталды. «Танбалыдағы» жартас суреттері бар көптеген маңызды жартас беттері «Остров Крым» ғылыми – зерттеу зертханасы арқылы уақыт өте келе табиғи және адам қолынан жойылуға ұшыраған петроглифтерді сақтау бойынша жыл сайын іс-шараларды өткізіп келеді (Отчет, 2023).



2023 ж. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2021-2023 жж. арналған Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы негізінде ұтып алынған «Ұлы даланың мұрасы және қазақтардың мәдени коды: өркениеттік мән-мәтін» атты ғылыми жоба іске асырылды. Жобаның негізгі бағыты петроглифтердің қорғалуына бағытталды. Аталған жоба бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды. Ғылыми жоба аясында Ұлы Дала аумағындағы петроглифтік орталықтардың тізімі анықталды (Отчет, 2023).

- Петроглифтерді сканерлеу бойынша Алматы облысындағы Басбатыр, Аққайнар, Ақтерек, Қарақыр, Дегерес (Абшар) осы 5 нысанға

экспедиция ұйымдастырылды. Нәтижесінде жартас суреттерінің 3D көшірмесі алынып фотосуреттер жинақталды.

- «Ұлы даланың бейнелеу және музыкалық өнері: Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейін» ғылыми мақалалар жарияланды;
- «Uly Dala orkeniety» атты веб-сайт құрылды;

Петроглифтерді зерттеу, сақтау мақсатында «Таңбалы» музей – қорығы республикалық маңызды іс-шараларға да қатысып келеді. 2023 жылы қараша айының 2-5 аралығында Жетісу облысындағы мәдени мұра құндылықтарын сақтау, тарихи экскурсия мен мәдени-білім беру іс-шараларын біріктіру мақсатымен ежелгі Ешкіөлмес петроглифтеріне жоспарланған экспедициясына «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының директордың ғылым жөніндегі орынбасары Р. Шарипов және ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы К. Нурмақсұтов қатысты.

Іс-шараның мақсаты – «Ешкіөлмес» археологиялық кешенін облыс және республика деңгейіне көтеру, сондай-ақ ежелгі петроглифтердің тарихын, құпиясын, мәдени құндылығын «Көксу» мемлекеттік тарихи-мәдени табиғи музей-қорығы құрылуы арқылы жүзеге асыру болып табылады.



Үстіміздегі жылыда жоғарыда аталған жұмыстарды жандандыру мақсатында бір шама іс-шаралар іске асырылды. «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей қорығында Орталық Азияның жартас өнерінің алғашқы ескерткіші «Таңбалы археологиялық Ландшафтының Петроглифтері» (2004) ЮНЕСКО тізіміне енгізілгеніне 20 жыл толуына орай «Жиырма жылдан кейін: ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне Орталық Азияның жартас өнері ескерткіштерін номинациялаудың жетістіктері мен жаңа перспективалары» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарының өтті. Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарға Тарих ғылымдарының докторы, академик Бауыржан Абишевич Байтанаев, тарих ғылымдарының кандидаты Алексей Евгеньевич Рагожинский, тарих ғылымдарының кандидаты Бақыт Эльтындиевна Аманбаева (Қырғызстан), Азбиддин Неъматиллаевич Холматов (Өзбекстан), тарих ғылымдарының кандидаты Елена Сергеевна Леванова (Ресей), Айдай Турдумаматқызов Сулайманова (Қырғызстан), Бобомулло Саимурадович Бобомуллоев (Тәжікстан), Олеся Анатольевна Кашчей (Ресей), химия-технологиялық зерттеулері және консервация-реставрациялау лабораториясының

менгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты Марина Аркадьевна Реутова (Өзбекстан), Қырым Қасенханұлы Алтынбеков, Любовь Филипповна Чарлина қатысып, талқылау жұмыстарын жүргізіп, жартас өнерін сақтау және әлемдік деңгейде интерпретациялау жұмыстары басты назарға алынды. Семинардың басты мақсаты Орталық Азияның жартас өнерін (петроглиф) ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне трансшекаралық сериялық номинацияны дайындаудың жаңа жетістіктеріне қол жеткізу болды.

Семинар нәтижесі бойынша «Таңбалы» музей-қорығында Халықаралық тарихи-археологиялық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция құрамында қазақстандық археологтармен қатар Қырғызстаннан (А.Т. Сулайманова) және Ресейден (Г.В. Кубарев, О.А. Кашей) жартас өнері мен көне түркі мәдениеті саласындағы белгілі мамандар бар. Экспедиция барысында Таңбалы кешенінің солтүстігі мен оңтүстігінде орналасқан Қоғалы және Алмалы алқабтарына барлау, құжаттандыру және қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары негізінен түркі дәуірі ескерткіштерін зерттеуге бағытталды. Қоғалы алқабында сонау 2009 ж. А.Е. Рогожинский ежелгі түркілердің қорғандары мен салттық тас қоршауларының археологиялық қазбаларында таңба мен «қаған» және «қатун» киіз үйінің бейнелері бар тас мүсіндердің сериясы табылды. Заманауи қарақшылар қиратып кеткен үйінді жағалауды қазу кезінде ақ металдан шебер құйылған түркі жауынгерінің жебе атқан бірегей мүсіні табылды. Сонымен қатар, қорғаннан алыс емес жерде орналасқан екі ғұрыптық қоршауды қазу кезінде өте жақсы сақталған мыс тиын табылды. Тиынның бір жағында үшкір бас киімде белгісіз билеушінің портреті және соғды жазуында – құт сөзі, екінші жағында таңба бейнеленген. Осыған ұқсас таңба орта ғасырлық жартастағы оюы Таңбалыда көне «ашық аспан астындағы ғибадатхананың» ең киелі жерінде – қола дәуірінің «күнбасты» кейіпкерлері бейнеленген композицияның жанында қашалған.



Табылған тиын өте сирек кездесетін түріне жатады: мұндай тиын Батыс Түрік және Түргештердің астанасы Суяб қаласымен сәйкестендірілетін Ақбешім (Қырғызстан) орнындағы христиан ғибадатханасын қазу кезінде табылған. Қытайдағы Іле алқабынан тағы бірнеше осындай тиындар табылған. Түркі-соғды ерте ортағасырлық нумизмат мамандарының айтуы бойынша бұл тиынның түрі VII ғ. ортасынан бастап қолданыста болған.

Демек, қазіргі уақытта музей-қорық экспедициясы зерттеп жатқан Қоғалы алқабындағы ескерткіштердің VII-VIII ғғ. бірінші жартысында Жетісу жерін мекендеген батыс түркілердің мәдениетіне жататындығы болжануда.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, кастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы құнды тарихи жәдігерлерімізді халық игілігіне жаратып, келешек ұрпақ үшін неге сақтамасқа?

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер

Байпаков К.М., Подушкин А.М. Археологические памятники древние земледельческой культуры Казахстана. Алма-Ата. 1988.

История искусств Казахстана: очерки. Т.1. / Отв. ред. Г.А. Бегалинова. Алматы, 2003.

Ласкин А.Р. О разрушающих факторах петроглифов Сикачи-Аяна // Сборник материалов Международного семинара-тренинга по историко-культурному наследию стран СНГ, 2011, 51-57 бб.

«Менеджмент-план 2004-2009 гг.» Алматы 2004. 36 б. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1000001291>

Отчет «Танбалы». 2010. 28 б.

Отчет о научно-реставрационных работах. Объект: Петроглифы археологического ландшафта Танбалы, 2023.

Хиген А.С. Этические основы документации, консервации и менеджмента памятников наскального искусства //Памятники наскального искусства Центральной Азии. Алматы, 2004, 8-10 бб.

Жұмабайқызы Үрзия

«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы

yrzia@mail.ru

Отырар, Қазақстан

ОТЫРАР Өңірінен Табылған Діни-Ғұрыптық Жәдігерлер

Annotation. The article explores the medieval settlements of Kazakhstan from an archaeological perspective. Archaeological data play a key role in reconstructing the cultural evolution and socio-historical development of society. The study examines the influence of religious and mythological beliefs on the social structure of medieval Kazakhstan.

Findings from the South Kazakhstan and Zhetysu regions highlight the complexity of ethno-cultural and religious processes from the Bronze Age to the Middle Ages. Particular attention is given to the spread of Zoroastrianism, Shamanism, Manichaeism, Buddhism, and other religious movements. Discoveries in the Otrar oasis, including ceramics, ritual altars, sacrificial sites, and religious artifacts, provide deeper insights into the spiritual worldview of medieval inhabitants.

During excavations in Kuyryktobe, carved wooden boards depicting deities, ritual scenes, and zoomorphic symbols were found, indicating the presence of Manichaean and Zoroastrian traditions in the region. Additionally, the analysis of sacrificial hearths and cultic structures confirms the significance of fire worship in local beliefs.

This article aims to explore the evolution of religious beliefs, identify the historical and cultural continuity of medieval South Kazakhstan's settlements, and refine our understanding of their spiritual heritage through archaeological artifacts.